Бізге мәлім, мектеп есігін алғаш ашқан балалардың жас шамасы қатар болса да, түсінуі, құбылысты қабылдау қабілеттері әр түрлі. Мысалы, біреуі сыпайы, тәртіпті, тіл алғыш, сезімтал, бір нәрсені тез меңгеріп кете алса, енді бірі самарқау, айтқанды қиын қабылдайтын, ал енді біреуі жалқау болып келеді. Өйткені олар әр жанұядан, түрлі дайындықпен келеді. Соның нәтижесінде әр сыныпта аз да болса (сабаққа ынтасы төмен) үлгермейтін оқушылар кездеседі. Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізу – мұғалімнің қиын да абыройлы міндеті. Бұл міндетті орындау үшін біріншіден, оқу сапасын арттырып, теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, әр уақытта газет-журналдарда жарияланған әдістемелік жаңалықтарды, озат тәжірибені, жаңашыл педагогтар әдістерін өз сабағында мүмкіндігінше пайдалану қажет. Екіншіден, әр оқушының өзіндік ерекшелігін, тұрмыс жағдайын ескеріп, ата-анасымен тығыз байланыс жасау керек. Сонымен бірге, оқушыны зерттеп, олардың білімдерін есепке алу қажет. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізгенде мынадай ұйымдастыру шараларының көп көмегі тиеді: топқа бөліп оқыту әдісі. Оқыған оқушылардың мінез-құлқы, ынтасы, білім деңгейі өзімізге белгілі. Сол қорытынды бойынша оқушыларды топқа бөлеміз. 1-топ – “өте жақсы”; 2-топ – “жақсы”, 3-топ – “орташа”, 4-топ – үлгерім дәрежесі төмен оқушылар. Жоғары үш топпен жүргізілетін жұмысқа тоқталмай, соңғы білім дәрежесі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс түріне тоқталмақпыз. 1-сыныпта оқытудың басты міндеті – балаларды оқуға жазуға және санауға үйрету. Басқа жұмыстар осы мәселелерге негізделіп жүргізіледі. Бұл топта төрт оқушы бар. Екеуі даярлықта оқымаған. Осы төрт оқушының біреуі әліппеден де, математикадан да нашар. Мысалы, бір оқушы өткен дыбысты, санды менімен қосылып айтады, сәлден кейін сұрасам ұмытып қалады. Осы

оқушылармен сабақ үстінде, сабақтан тыс уақыттарда жұмысты төмендегіше жүргіземіз. 1. Сабақта: үлгерімі төмен оқушылардан жиі-жиі сұрау, сабақ үстінде оларға барынша мүмкіндік тудыру. Ол үшін: а) берілетін білімді түсіндіріп айту, оңтайландыру, сұраққа толық жауап алу, жазуға үйрету, жазбаша салыстыру; ә) жолдастарының берген дұрыс жауаптарын жиі қайталатып өз қателерін түзеттіру; б) Сол пәнді өте жақсы білетін жолдастарының көмегін ұйымдастыру. 2. Сабақтан тыс уақыттарда: а) өзіндік жұмыстың пайдасы көп, оқушыларға жеңілдетілген үлестірімелер, қызықты тапсырмалар беріп, көбірек сөзге, іске тартып белсенділігін арттыру. Мысалы: әліппе кезеңі – сауат ашудың негізгі кезеңі. Бұл кезеңде оқушы оқу мен жазуды жүзеге асырады. Осыған орай үлгерім дәрежесі төмен оқушыларға тапсырманы жеңілден бастап біртіндеп күрделендіру көзделеді.

Ұлы педагог К.Д.Ушинский: “Егер сіз бір сөз айтудың өзі қиын соғатын сыныпқа кірсеңіз, жұмысыңызды сурет көрсетуден бастаңыз, сонда сынып сөйлей жөнеледі”, - дейді [2]. Балаларға, әсіресе үндемейтін, тұйық оқушыға суреттің, суретті үлестірімелердің әсері зор. Суретті бала көзімен көріп, көңіліне тоқиды, сол заттардың түсін, бейнесін есіне сақтайды.

Тірек сызбасын пайдалана отырып, сөйлем құрату. Бұл оқушыны “қателесіп қаламын ба”, не “артық сөз айттым ба?” деген сезіктенуден сақтайды, балаларды дәл ойлауға бағыттайды. 1. Үлестіріме бойынша суретке қарап үш сөзден тұратын сөйлем құрайды. 2. Әр заттың бастапқы дыбысын астындағы тор көзге жазып, шыққан сөзді оқып дауысты дыбысты атау. 3. Әуелі суреттегі затты атайды. Бірінші қандай дыбыс екенін біліп, орны ауысқан дыбыстарды реттеп дұрыс құрап шығуы керек. 4. Ата-аналарымен байланыс. Ата-ана біздер үшін сарқылмас күш, олармен жиі байланыс жасап, көмекке шақыру, үлгерімі төмен оқушылардың алға басуына көмегі зор. Ата-аналардың үйлеріне барып, мектепке шақырып әңгімелесеміз. Сыныпта ата-аналар жиналысын өткізіп, балалары жөнінде оның үлгерімі, тәртібі, оның оқуына үйде қалай көмектесу керектігін түсіндіреміз. Осы сияқты жұмыстарды үзбей жүргізіп отыру, үлгерімі төмен оқушыларды қатарға қосуға және олардың тиянақты білім алуына жәрдемдеседі. Біз осы тұрғыдан үлгерімі төмен оқушылармен арнайы жұмыстар жүргізіп келеміз. Жұмыстың жоспары мен оны жүргізудің әдіс-тәсілдерін кеңінен талқылап, белгілеп аламыз. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үшін алдымен олар арнайы зерттеледі. Оқушыны зерттеуде мына мәселелерге баса назар аударылады: ұжыммен, ортамен қарым-қатынасы; оқу-тәрбие үдерісіне жанұяның ықпалы; қоғамдық және үй жұмыстарына араласуы; үйде күн тәртібі жоспарлануы және оның орындалу барысы; денсаулығы туралы медициналық анықтамалар мен ұсыныстар; сабаққа қатысуы мен бірыңғай талапты орындауы; дара ерекшеліктері; ойлау қабілетінің деңгейі; зейіні мен

есте сақтауы; ерік-жігері; табандылығы; қызығушылығы; жеке пәндер бойынша үлгерімінің көрсеткіштері; үлгермеу себептері.

Осы мәселелер анықталғаннан кейін, баланың жеке пәндер бойынша білімі мен дағдыларын есепке ала отырып, ондағы негізгі олқылықтар анықталады. Жеке жұмыстар сол кемшіліктерді жоюға бағыттталып, оныдан қиынға қарай сатылап жүргізіледі. Зерттеу жұмыстарының қорытындыларына сәйкес алдағы уақытта жүргізілетін педагогикалық жұмыстар белгіленеді. Оқудың белгілі бір кезеңінде үлгерімі төмен болған оқушылардың жоғарыдай жұмыстар барысында едәуір жақсы нәтижелерге бастауы осы бағыттың дұрыстығын көрсетеді. Талапқа сай білім беру, сабақтың тиімді, қызықты өтуі мұғалімнің жеке оқушыны тани білуіне де байланысты. Мектепке жаңа келген шәкірттің жан дүниесіне, физиологиялық, логикалық және психологиялық дамуына, ұғу, сезу, түсіну қабілетіне үнемі зер салу – ұстаз парызы. Әсіресе, жеке жұмыс жүргізуді бастарда оқушының сөз қоры, сөйлеу дағдысы, ойын баяндай білуі, сөйлемді толық аяқтай білуі, сұраққа жауап беруі, өзін қоршаған дүниені тануы таразыдан өткізілуі керек. Бастауыш сынып мұғалімі оқушыларды таным қабілетіне қарай бірнеше топқа бөліп, қысқаша мінездеме жазып, зерттеу табеліне түсіреді. Олардың сипаттама шамасы төмендегідей: 1.Танымы жақсы жетілгендер, зейінділер. 2. Тез қабылдайтын, бірақ зейіні тұрақсыз, бұл 7-9 жастағылар арасында жиі кездеседі. 3. Қабылдауы баяу, зейіні ықтиярсыздар. 4. Зейінсіз, қабылдауы төмендер.

Мұғалім сабақ жоспарын жасаған кезде жеке оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қоса белгілейді. Қойылатын сұрақтарды, үлестірмелер мен жазбаша тапсырмаларды алдын-ала іріктеп алу дара жұмыс жүргізу жоспарының орындалуын тексеруге мүмкіндік береді. Бұл жұмыс оқушыларды жеңілден бірте-бірте күрделіге жетелеу арқылы жүзеге асады. Оларды топқа бөліп, жеке дара жұмыс істеу мұғалімнің шеберлігіне де байланысты.

Үлгерімі жақсы оқушылармен жүргізілетін жұмыс. Осы оқушылар барлық пәннен бірдей жақсы оқи ма? Соны мұқият зерттеп алған жөн. Мәселен, бір оқушы жекелеген пәндерден озық. Сөйте тұра ауызша пайымдауға онша емес. Екінші бір оқушы керісінше ауызша мазмұндауға шебер. Енді осындай оқушылардың осалдау жерін дәл тауып жұмыс жүргізу – пән мұғалімінің міндеті. Ал өзі жақсы көретін, сүйіп оқитын пәннен үлгерімі нашар оқушыға көмектесуді тапсырып, оның қабілетін арттыруға болады. Барлық пәннен бірдей жақсы оқитын оқушылар сынып жоғарылаған сайын азая береді. Мәселен, бастауыш сыныптарда жақсы және өте жақсы оқитындар саны жоғары сыныптармен салыстырғанда көп болады. Осындай алшақтықтың негізі қайда жатыр? Әрине пән мұғалімі сабақ бере алмайды, оқу-тәрбие жұмысына жүрдім-бардым қарайды деуге болмайды. Әйткенмен де жеке оқушылармен жұмыс жүргізуде олардың ерекшеліктерін зерттеу жетіспей жатады. Сондықтан әр

сабақты шығармашылықпен, оптималды жүргізсе, іс нәтижелі болар еді. Өкінішке орай, кейбір мұғалімдеріміз оқу мен тәрбиедегі олқылықты тек бастауыш сыныптан кеткен кемшілік деп санайды. Бұл жаңсақ пікір. 7-9 жастағы оқушылардың көбісінің зейіні тұрақсыз болғанымен тез қабылдағыш келеді. Бірақ ұққанын тез ұмытып қалады. Біраз күннен кейін сұрасаң, жауап бере алмайды. Бұл зейіннің тұрақсыздығынан. Мұндай оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс ерекше есте қалардай қызықты болуы керек. Қабылдауы баяу немесе мінезі тұйық, көп сөйлемейтін, тыныш отыратын, сабаққа ынтасыз оқушыға берілетін тапсырма оны ширату, сабақта сөзге тарту, көңілдендіру, өзге оқушының берген жауабын қайталану немесе сөзуар балалармен қабаттастыра сөйлету мақсатын көздеуі тиіс. Берген жауабын нақтылап, анықтап, өзінің өзгелерден қалмай жауап беріп тұрғанына көзін жеткізіп, белсенділік туғызу шарт. Қабылдауы нашар оқушының жауапкершілігі де төмен болады. Олар қанша қыбыр етпей тындап отырғанымен қабылдауы төмен болса, мұғалімнің 10-15 минут баяндаған әңгімесінен сөйлем құрап айта алмайды. Сондықтан үй тапсырмасын оқушылардың зейін-қабылдау мүмкіндігіне қарай жеке берген жөн. Жеке оқушылармен мінез-құлыққа байланысты жұмыс жүргізу үшін сабақтың күнделікті қызықты ұйымдастырылуына да көп көңіл болу керек. Керекті көрнекіліктер күні бұрын әзірленіп, оқушыларға берілетін жеке тапсырмалар алдын ала ойластырылса, сабақтың сапалы өтуіне тиімді әсер етеді. Баланың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын білу, білімін ыждағатты есепке алу – үлгермеушіліктен сақтандырудың басты шарттары. Шәкірттің психологиялық ерекшеліктерін зерттеу мұғалімге жалпы тәрбие жұмысын, оның ішінде әрбір оқушымен жеке жұмысты қандай бағытта құру қажеттегіне жөн сілтейді.

Жеке оқушылармен жұмыс істеуде мына төмендегі мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек:

1. Оқушылардың жаңа материалды сабақ үстінде қабылдауы.
2. Үй жұмысын күнделікті орындауына мұқият есеп жүргізу.
3. Оқушының сабақ оқуға ынтасын қалыптастыру.
4. Әр оқушының оқу материалын меңгеру ерекшелігін байқау.
5. Оқушының денсаулығы, жасында қандай аурумен ауырғандығы.
6. Оқу құралдарын ұстауы.
7. Оқушының сынып ұжымына, жазаға, мадақтауға қалай қарайтыны.

8. Баланың әр сабаққа бейімділігін байқау, сол бейімді ілгері дамыту мақсатында қосымша тапсырма беру. Мұнда тек үлгермеушілерге ғана емес, 5-ке оқитын оқушыларға да білімін дамыту мақсатында жеке тапсырма беріледі. Бұл айтылғандардан балаларды сыныпта ғана емес, сабақтан тыс уақыттарда да үзіліс кездерінде де, сыныптан және мектептен тыс уақыттарда да, саяхат барысында да, қоғамдық жұмыстарды орындау кездерінде де, жанұяда да, жолдастарының

ортасында болған уақыттарда да бақылау қажет деген қорытынды жасауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. – Астана: Дәуір, 2007.
2. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения. – Москва: Просвещение, 1989.

РЕЗЮМЕ

В статье речь идет о видах работ учителя с неуспевающими учащимися начальных классов.

(Абильдаева М.А., Мусабекова Г.Т. Виды работ с неуспевающими учащимися начальных классов)

SUMMARY

Article deals with the types of teacher's works with poor pupils of primary grades.

(Abildayeva M.A., Musabekova G.T. Types of Works with Poor Pupils of Primary Schools)

ӘОЖ 155.8

Қ.Т.АТЕМОВА

педагогика ғылымдарының докторы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

А.О.КУНПЕЙСОВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ АДАМНЫҢ ЖАНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ

***Аннотация.** Бүгінгі күні қоғамның қарқынды дамуы мен техниканың озық жетістіктері адам психологиясының да қатар қарқынды өзгеруіне алып келуде. Тіпті жаңа туылған балалар өсуінде де қарқындылық байқалады. Осыған сай, педагогикалық қызметтегі мамандар жұмысының қиындығы мен күрделілігі тек қана мамандық шеңберінде емес, одан тыс қызметтік қарым-қатынас аясында да психологиялық тұрғыдан әсерін тигізуде. Сондықтан, қызметтік қарым-қатынастағы бәсекелестік пен тұлғалық бәсекелестік барған сайын адамдардың жүйкесіне ықпал етуде. Біз бұл мақаламызда ата-бабаларымыз тәжірибесіндегі психологиялық жансаулықтың маңыздылығы туралы көзқарастары мен ұсыныстары туралы ойларын ортаға саламыз.*

Соның ішінде, түркі ғұламасы әл-Фараби мұраларын негізге ала отырып бабалар көзқарасына талдау жасаймыз.

Кілт сөздері: адам, психологиялық жансаулық, ұлттық мінез-құлық, дәстүр.

Ключевые слова: человек, духовное здоровье, национальное поведение, традиция.

Key words: man, Spiritual health, National Behavior, traditional.

Anahtar kelimeler: adam, ruhsal sađlık, Ulusal davranıř, gelenek.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлт денсаулығы – біздің жетістікті болашағымыздың негізі», – деп атап көрсетуі халқымыздың ең басты құндылығы мен байлығы оның денінің саулығы екендігін айта отырып, бүгінгі тәрбие саласында ең алдымен жастардың денсаулығына көңіл бөлуді міндеттейді [1]. Бүгінгі әлеуметтік ортадағы барлық қарым-қатынастардың салдары ең алдымен біздің психологиялық денсаулығымызға ықпал етеді.

Дені сау адам – қоғамның маңызды құндылығы. Қазақстан Республикасының егемендік алуына байланысты жарық көрген тұңғыш

тәлім-тәрбие тұжырымдамасы жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабалар тәжірибесіне сүйенуді ұлы міндет етіп қойып, тәрбие мәселесін қайта қараған болатын. Сөйтіп, тәрбиедегі негізгі әрі басты міндет – дені сау адамды тәрбиелеу деп көрсетті [2]. Бұл қазақ халқының ұлттық психологиясын есепке ала отырып жасалған тұжырымдама болатын. Өйткені, қазақ халқы шын мәнінде адам тәрбиесінде денсаулықты сақтауды ең жоғары орынға қойған. "Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық", сондай-ақ, "Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы" деген пайымдаулар халқымыздың тән саулығы мен ар тазалығын тіршіліктің мәні деп ұққандығын дәлелдейді. Ар тазалығына алып барар байлық денсаулық деп ұққан халқымыз отбасы тәрбиесінде балалар денсаулығына аса үлкен мән берген.

Осы тұрғыдан келгенде денсаулықты сақтау мен нығайту ең алдымен психологиялық жансаулықпен байланысты деуімізге болады. Бұл әсіресе, бүгінгі нарық заманында өте өзекті мәселеге айналып отыр.

Ұлттық салауаттылық пен жансаулықтың негізі ретінде біз бұл мақаламызда түркі ғұламалары мұраларын негізге аламыз. Өйткені, әрбір ұлттың өз менталитетіне сай ұлттық психологиясы мен мінез-құлқы ерекшеленеді. Осы тұста түркі ғұламалары көзқарастарындағы психологиялық жансаулықтың түп тамыры мен бастау көздерінің адам денсаулығымен қаншалықты байланыстылығын сипаттауға тырысамыз. Осы себепті ұлттық идеяларды пайдалану негізінде біз тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы әлемге жайылған ғұлама философы әл-Фарабидің (870-950) идеяларына жүгінеміз. Ол өзінің психологиялық жан қуаттары ішімінде *«Тән жанның дамуына, оның біртіндеп қалыптасып, жетілуіне әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет. Тәннің саулығы жоқ жерде жан саулығы да жоқ»*, - деген пайымдауларымен адам жанының саулығының тән саулығымен байланыстылығын дәлелдейді [3]. Сонымен қатар, ол өзінің "Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері" деген еңбегінде: "Дене сияқты жанда да өзіне тән саулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады", - деп адам әрекетінің бәрі белгілі бір әсерлер жиынтығының нәтижесі екенін көрсетеді [4]. Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істері мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып шығады. Сондықтан да адамның балалық шағында алған мейірімділік пен көмек қана баланы өскенде ізгілікке жетелейтін сезімдер қалыптастыра алады дегенді меңзейді. Сонымен қатар ғалым адам мінезінің бірқалыпты болып

жетілуінде отбасындағы, әлеуметтік ортадағы және мектептегі, сондай-ақ, еңбек ұжымындағы психологиялық ахуалдың рөлі ерекше екендігін ескергеді. Ондай жағдайда адамда ұстамдылық, сабырлық, байсалдылық секілді қасиеттер оның сырт көрінісінен ғана байқалмайды, оның ішкі жан дүниесі мен ойлау жүйесінде де тұрақты байсалдылық басым болады деп ой түйеді.

Өткенге көз жіберсек, салауаттылықты қалыптастыру көне түрік халықтарының ішіндегі қазақ халқында ерекше орынды алған және ол отбасын құруға дайындықтан басталған. Жеті атаға дейін үйленбеу, қалыңдықтың денсаулығы мен туған туыстарында тұқымқуалайтын аурулардың болмауына көңіл бөлу нәтижесінде қан тазалығын сақтау, ұрпақ салауаттылығын қамтамасыз ету жүзеге асырылып отырған. Жан салауаттылығын қалыптастырудың тағы бір жолы – еңбек және спорттық ойындармен шұғылдану болмақ. Бұл жөнінде қазақта ата-бабаларымыз өсиеттерінде ойларын айқын білдірген. Мысалы, халқымызда қашанда салауаттылықтың көзі еңбекте деп білген. Нақтырақ айтар болсақ, бос жүргенде бала жақсыдан гөрі жаманға үйір келеді, дене бітімі бойынша денелері салбырап, әлсіздікті сезінеді. Дене қимылының әрекеттерімен шұғылдану қашан да тәннің саулығын қамтамасыз етеді. Сондықтан да қазақта «тәні саудың – жаны сау» деп текке айтпаған [5].

Бұл пікірді өзге ұлт өкілдері де құптайды. Мысалы, И.Бехер еңбектің адам баласына пайдасын түсіндіре келе, мынадай кеңес береді: «Жабырқаған кезде жұмыс істе, ол – қайғыны сейілтудің бірден-бір жолы. Жаның жабықпау үшін жұмыс істе: еш нәрсе де жұмыстай құлазыған жабырқаулықтан құтқармайды. Тасың өрге домалап тұрған кезде жұмыс істе: «бас айналудың» жұмыстан өзге ешқандай дәрісі жоқ», - деп айта келіп, тек еңбек қана адамды жаман ойдан аулақ етіп, ізгі мұраттарға жетелейтінін ескергеді [6].

Сондықтан тән саулығы мен жан саулығының негізі еңбекте деп білген қазақ халқы баланы жастайынан еңбектің түрлеріне үйретіп, олардың жас ерекшеліктеріне қарай баулып отырған. Халқымыз «Бес жасқа дейін баланды патшандай күт, бестен он үшке дейін құлындай жұмса, он үштен кейін құрдасындай сырлас», - деп пайымдау жасай отырып, қазақ халқы бес жасқа дейін баланы еркелетіп, оның тән және жан қасиеттерінің дамуына негіз болатын дағдыларды қалыптастырумен айналысады. Онда аталар мен әжелер немерелеріне әр түрлі ертегілер айтып беру арқылы ойы мен қиялының ұшқырлығын тәрбиелеуге, өмірде өнеге болар тұлғаларын қалыптастыруға, оның мазмұны арқылы іс-әрекеттерінің мотивін қалыптастыруды көздеген.

Халқымыз бала психологиясының қалыптасуына ойын әрекеті де елеулі рөл атқаратындығын жақсы аңғарған. Ойында бөбектің ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптаса түседі. Бала ойынының түрі де мазмұны да сан алуан. Ойын үстінде бала достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке, адамгершілікке баулынады. Бала

табиғатынан қимыл-қозғалысқа құмар, ойын – балалық шақтың басты ерекшелігі. Мысалы, «Баланың істегені білінбес», «Баламен ойнама, шаршарсын», «Қыз – қуыршақ, ұл – құлыншақ», «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» деген мақал-мәтелдерде баланың ойынға аса құмар келетіндігі, ұл мен қыздың ойыны да түрліше болатындығы, ойын арқылы баланың сана-сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл-ойы өсіп жетілетіндігі мен қалыптасатындығы көрсетілген. Осындай пайымдаулар қазақ халқының бала қалыптасуындағы *әлеуметтік ортасының* ықпалы оларды көпшілік арасында өздерін дұрыс ұстай білуге үйретеді деп ой түйгендігін дәлелдейді. Осылайша, олар өз ортасында әр түрлі психологиялық соққыларға төтеп беретін қабілетке ие болады. Мінез-құлқы қалыпты болып, өз ортасындағы мәселелерді дұрыс қабылдауға қабілетті болады.

Ғұламаның ілімі бойынша адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбиенің әсері, адамның еркі, ауру сияқты көптеген объективті және субъективті себептерге байланысты өзгереді. Сондай-ақ, Фарабидің пікірінше тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге келмейтін, түзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. "Жаман құлық – ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек", - деп тұжырым жасайды ғұлама ғалым. Ұлы ғұлама әл-Фараби баланы жастайынан ізгі мұраттарға тәрбиелеу оның өскен шағында іс-әрекетінен көрініп тұратынын түсіндіре келе, адамның ой салауаттылығы мен мінезінің қалыпты болуы оның тәрбиесіндегі психикалық ахуалға тәуелді қалыптасады дегенді айтады.

Сондықтан, бүгінгі нарық талаптарының күшейіп тұрған заманында әрбір адамның ең алдымен психологиялық тұрғыдан жансаулығын сақтауы, оның тән саулығын қамтамасыз ететіндегін білдіреді. Жанымыз бен тәніміз салауаттылықта үйлесім тапқанда ғана тұлға ізгі істер атқаруға қабілетті әрі ынталы болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. – Астана, 2014.
2. Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие тұжырымдамасы //Егемен Қазақстан, 1993, 5 ақпан.
3. Әл-Фараби. Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері. Әлеуметтік-этикалық трактаттарында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 260 б.
4. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Әлеуметтік-этикалық трактаттарында. – Алматы: Ғылым, 1975. – 305 б.
5. Қазақ мақал-мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсарин. – Алматы, 2004. – 184 б.
6. *Атемова Қ.Т.* Отбасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің негізгі міндеті //«Салауатты өмір салты: әлеуметтік жаңарудың көрінісі ретінде» Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2005. – Б.32-36.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются идеи аль-Фараби о формировании психологического и духовного здоровья и их роли во всех сферах деятельности человека, и в частности, влияние на поведение. Вместе с тем, исследуется взаимосвязь духовного и физического здоровья в казахской национальной психологии.

(Атемова К.Т., Кунпейсова А.О. Идеи формирования духовного здоровья человека в наследиях аль-Фараби)

SUMMARY

The article deals with the idea of al-Farabi about formation of psychological and spiritual health and it's role to all spheres of human activities and especially to his behavior. However, the relationship of spiritual and physical health in the Kazakh national psychology is investigated.

(Atemova K.T., Kunpeysova A.O. Ideas of formation of spiritual health of the person in heritages al-Farabi)

ӘОЖ 373.016:811.111

Л.А.БОРАМБАЕВА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ -нің магистрі

Г.Б.МАДИЕВА

филология ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

А.А.МОЛДАССАНОВА

филология ғылымдарының кандидаты
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ҒЫЛЫМИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ СИПАТЫ

***Аннотация:** Мақалада жоғары оқу орындарында білім алып жүрген болашақ ұстаздардың ғылымға деген құштарлығын арттыру мәселелері қарастырылады. Өмірде биік деңгейлерге шығу, табысты да тамаша мансап құру ғылым арқылы жүзеге асатын жұмыстың нәтижесі. Ғылым мен білімді қатар меңгеру барысында жас маманның жас ерекшелігін, сана-сезімін, ерік-жігерін жаңа сабақты меңгеруге, қорытынды ой шығаруға бағытталған жұмыстар ескерілуі керек. Әр түрлі жайттарды шеше алу және өзін-өзі басқара білу, әр түрлі жағдайларда туындаған мәселелерді анықтау, мақсат қою, оны іске асыру жолдарын анықтау, мақсатқа қол жеткізу үдерісін жоспарлау, ақпаратты қабылдау, өз бетінше мәліметтер іздеу, сараптау, қолдану, пайданала білу, нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша қатынас құралдарын қолдана білу, өз ойын жеткізуге дағдыландыру керек. Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, соның ішінде академиялық және еңбектегі модельдік өсуімен негізделген.*

***Кілт сөздері:** болашақ маман, білім, мұғалім, рөл, ғылым, құзыреттілік, технологиялар, қоғам.*

***Ключевые слова:** будущий специалист, знание, учитель, роль, наука, компетентность, технологии, общество.*

***Anahtar kelimeler:** gelecekteki uzmanı, bilgi, öğretmen, rol, bilim, yeterlik, Teknoloji, toplum.*

***Key words:** future specialists, knowledge, teacher, role, science, competence, technologies, society.*

Қазіргі таңда болашақ мұғалімнің маман ретіндегі кәсіби дайындығы оның құзыреттілігімен байланысты. Бұл жерде педагогикалық оқу орнының түлектері кәсіби қызметтің жаңа түрлерін практикалық жағынан меңгеру барысында қаншалықты біліммен білікке ие болды деген сұрақ туындайды. Осы меңгерген білімі мен біліктілігі жас маманның кәсіби құзыреттілігін жоғарылатуда педагогикалық қоғамда қалыптасқан нормаларға дайындығын білуде шешуші рөл атқарады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігі дегенде пәндік-кәсіби білімдердің бірлігін, кәсіби-педагогикалық технологияларды меңгеруін, педагог қызметінің мазмұнын анықтайтын жағдайларда әрекет ету қабілетін түсінеміз. Бүгінгі күні қоғам алдымызға жоғары білімді маманды дайындауда қатал талаптар қойып отыр: ұжымда жұмыс істей білу, еңбек нарығында бейімделе білу, үздіксіз білімін жетілдіру, білім беру ұйымының даму стратегиясының өзгеруіне байланысты мамандығының бейінін өзгерту, педагогикалық технологияларды меңгеру, ақпаратпен жеке жұмыс істей білу, шешім қабылдай білу, сонымен қатар, өз қызметін жобалап, одан нәтиже алуға қабілетінің болуы [1].

Қоғамның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Еліміз оқытудың «Нәтижеге бағытталған білім беру» модуліне көшті. Ал, нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Білім берудің басты мақсаты – білімге, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде лайықты ақпаратты өзі табу, талдау және оны ұтымды пайдалану сөйтіп қарқынды дамып жатқан заманға лайықты өмір сүру болып табылады [2].

Бұл жағдайда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту, кәсіби іс-әрекеттегі ғылым негіздерін білу, оны іс жүзінде игеру, кәсіби біліктілік пен дағдыларды меңгеру ерекше мәнге ие болып отыр. Әр түрлі жағдайларда нәтижелі шешім қабылдау, әрекет жасау қабілетін есепке алатын құзырлықты нәтижеге бағдарланған білім беру бүгінгі күннің талабы. Мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы ғана емес, тарихи танымдылық, педагогикалық және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Мұғалімнің алдында өмірге жан-жақты дайындалған ынталы, шығармашылықпен ойлайтын, іздемпаз, жүйелі қорытынды жасай білетін, дәлелді пікір айтатын, адами құндылықтарды жоғары, білімді, жеке тұлға тәрбиелеу мәселесі тұр. Бұл мәселені шешу заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқытудың жаңа технологиясын меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші ұлағатты тұлға арқылы жүзеге асырылады.

Өмірге қажеттіні іздеп табу шығармашылық арқылы жүзеге асатын жұмыстың нәтижесі. Тақырыпты меңгеру барысында оқушының жас ерекшелігін, сана-сезімін, ерік-жігерін жаңа сабақты меңгеруге, қорытынды ой шығаруға бағытталған жұмыстар ескерілуі керек. Мәселелерді шеше алу және өзін-өзі басқара білу, әр түрлі жағдайларда туындаған мәселелерді анықтау, мақсат қою, оны іске асыру жолдарын анықтау, мақсатқа қол

жеткізу үдерісін жоспарлау, ақпаратты қабылдау, өз бетінше мәліметтер іздеу, сараптау, қолдану, пайданала білу, нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін ауызша және жазбаша қатынас құралдарын қолдана білу, өз ойын жеткізуге дағдыландыру керек.

«Мұғалім әрдайым ізденіске болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады», - деп қазақтың кемеңгер ақыны Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, құзыреттілігі арқылы айқындалады. Құзыреттілік мазмұны – жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі функцияларын жүзеге асыра білуімен анықталады. Олар: болжау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, үйлестіру, сәйкестендіру, белсенділігін арттыру және зерттеу.

Қазіргі педагогика ғылымында негізгі базалық ілімдердің бірі «құзыреттілік» болып отыр. Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы. Құзыреттілік жана әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Көптеген елдерде құзыреттілікке жаңаша мән беру, білімді жоғары дәрежеге көтергені мәлім. Құзыреттілік еңбек нарығында тұрақты өсіп отырған талаптармен, шапшаң технологиялық өзгертулермен, сосын ішінде академиялық және еңбектегі модельдік өсуімен негізделген. Құзыреттіліктің жеке компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсаттарын орындауға көмектесетін бірден-бір құрал ретінде қарастырылады.

«Құзырлыққа бағытталған оқыту үдерісінде тәжірибелік жолыммен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады». Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;

- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп тұжырымдайды.

Батыстың дамыған елдерінде білім берудің мына міндеттері: білім алушыларда құзыреттіліктерді қалыптастыру, оларда пайда болатын интеграциялау икемділігін қалыптастыру, білімді әр түрлі өмірлік ситуацияларға көшіре білу және қолдану туралы мәселелер орын алуда [3].

«Құзыреттілік» ұғымы еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелерінде пайда болды. «Түйінді құзыреттілік» термині алғаш рет 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болды. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерге білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау механизмдерін талдау болды [4].

Бүгінгі күні оларда негізгі құзыреттер айқындалып, алғаш рет Еуропа Кеңесі эксперттері 1996 жылы білім беру мәселелері бойынша «Еуропалық

жобада алғаш ұсынылған түйінді құзыреттерді оқу үдерісінде қалыптастыру идеясы жүзеге асырылды».

Құзыреттілік теориясын дамытуға жоғарыда айтылған «Ключевые компетенции для Европы» [Берн, 1996] симпозиумда шешім қабылданды. Ол қазіргі уақытта Батыс Еуропа мен АҚШ мектептерінде кең қолданыс тауып отыр. Кембридж және Оксфорд университеттерінде жасалған негізгі құзыреттіліктер жүйесінің сипаттамасында олар әр түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыруда, мысалы оқу және кәсіби іс-әрекеттерді орындау барысында дамиды деп көрсетіледі.

Құзыреттілік теориясы қазіргі кезеңдегі білім берудің мақсаттырының жиынтығы құзыреттіліктерді дамытуды көздейді, оның негіздеріне көпмәдениетті қоғамда өмір сүруге қабілеттілік, білімді практиканың қажеттіліктерімен байланыстыру икемділігі, өмірлік жағдаятты бара-бар бағалай алу және мәселенің шешу жолдарын табу және т.б. Жоғары білім беру жағдайында аталған және басқа да негізгі құзыреттілік төмендегі шарттарды қолданғанда жүзеге асырылуы мүмкін:

- білімдік мақсаттарға барынша бара-бар келетін әдіснамасының болуы;
- әдістемелік және педагогика ғылымының қазіргі мәліметтері банкісінің болуы;

- дидактикалық тәжірибенің жетістіктері мен қорытындылары.

Білім берудегі құзыреттілік тұрғы әртүрлі құзыреттілік түрлерінің жиынтығы арқылы күтілетін нәтижені қалыптастыруды көздейді. Тек аталмыш тұрғыдан келу арқылы ғана кәсіби салада өнімді дербес және жауапты іс-әрекетке дайын маман даярлауға болады. Ресейлік және шетел ғалымдарының еңбектерінде құзыреттіліктің келесі бағыттыра қарастырылған: кәсіби еңбек нәтижелілігін анықтайтын білім мен біліктердің жиынтығы (Е.П.Тонконогая); жеке тұлғалық сапалар мен қасиеттердің үйлесімі (Л.М.Митина); кәсіби және жалпымәдени көрсеткіштердің бірлігі (Т.Г.Браже, Е.А.Соколовская).

Түйінді құзыреттіліктер жалпы орта білім беру саласында қалыптасып, қандай да бір мамандықтың іргетасын құрайтын компоненттерден тұратын базалық құзыреттілікке жататындар:

- жалпығылыми ұғымдар – табиғат, қоғам және адамның іс-әрекетінің негізгі заңдары;

- экономика мен мінез-құлықты ұйымдастырудың негізін құрайтын әлеуметтік-экономикалық;

- азаматтық-құқықтық;

- ақпараттық-коммуникациялық;

- жалпы кәсіби мамандықтар тобына қатысты.

Білім беруді жаңарту негіздерінің бірі ретінде құзыреттілік тұрғыдан келуді жақтаушылар күтілетін нәтижелер тұжырымдамасын жасауда негізгі ереже ретінде таңдау жасайды. Сонда құзыреттілікті білім мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, жеке тұлғаның өзіндік дамуын жүзеге асырып,

өмір сүруге қажетті өзіндік бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін құзырлылыққа жеткізуге күтілетін түпкі нәтиже деп түсінуге болады.

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын жеке тұлғаның жалпы даму деңгейіне байланысты болмақ. Ал ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырушылар білім беру жүйесінің күрделі мәселелерін шешуші кәсіби-педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаздар болмақ.

Еліміздің Білім және Ғылым министрлігінің ұсынған «ҚР жоғары педагогикалық білім тұжырымдамасы» мен «ҚР жаңа тұрпатты педагогиканың үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілген. Жоғары кәсіби-педагогикалық құзыретті мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс. Ол мұғалімнің жалпы мәдени, әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық, пәндік блоктарды өмір талабына сәйкес арттырып отыруын қамтамасыз етеді. Бірқатар зерттеушілер мұғалімнің-педагогикалық құзыреттілігін зерттей отырып, оның құрамына әдістемелік құзыреттілікті де жатқызады. Олар әдістемелік құзыреттіліктің барлық пән мұғалімдері үшін ортақ қасиеттері болып табылатын компоненттерін нақтылайды. Ал біздіңше мұғалімнің ақпараттық-логикалық құзыреттілігі кәсіби-педагогикалық құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік ұғымдарының анықтамасы мен құрылымына қайшы келмейтінді және ақпараттық-логикалық құзыреттілік жалпы кәсіби құзыреттіліктің негізгі құраушысы болып табылатындығын атап көрсетеміз.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында соңғы жылдары кәсіби-педагогикалық әдістемелік және ақпараттық-логикалық құзыреттілігін арттыруға бірден-бір себеп болады. Ақпаратты-логикалық құзыреттілік ұғымына арналған басты бағыттар дидактикалық нәтижеге жеткізетін мұғалімнің тұлғалық кәсіби шеберлігі, оқудың ақпараттық-коммуникациялық, жаңа педагогикалық технологияларын пайдалана отырып, өз пәнін оқытуға теориялық, практикалық және әдістемелік дайындықтарының үйлесімділігі деп анықтауға болады. Ал ақпараттық-логикалық құзыреттіліктің компоненттеріне тұлғалық, іс-әрекеттік, танымдық, аналитикалық синтетикалық болжау, жүйелік-іс-әрекеттік ыңғай, жобалау, модельдеу, бағдарламалау қабілеттерін жатқызуға болады.

Міне, болашақ мұғалімнің ғылыми құзыреттілігін қалыптастыратын негізгі теориялардың бірі де, бірегейі де білім жолындағы сапалы ізденіс пен

саналы тәрбие екеніне біз көз жеткізіп отырмыз. Білімнің жоғарғы шыңына жетелейтін мұғалімдер болса, сол білімді өмірлік ұстанып етіп, өз өмірлерінде қолдана білетін оқушылар болып табылады. Сондықтан, болашақ мұғалімнің ғылыми құзыреттілігі оқушылардың ғылыми білімділігіне қарай бағаланады және сараланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Оспанова Ә.Ә.* Болашақ мамандарға жобалау құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары //Білім берудегі менеджмент журналы, №4, 2012.
2. *Ишанғалиева А.М.* Құзыреттілік – білім мен мүмкіндіктің бірігуі //Білім берудегі менеджмент журналы, №2, 2011. – 25-29-б.
3. *Хьел Л., Зиглер Д.* Теории личности. – Спб., Москва: Луч, 1997. – 608 с.
4. *Кульневич С.М.* Педагогика личности: от концепции до технологий. – Ростов н/Д: Рассвет, 2001. – 275 с.
5. *Ляудис В.Я.* Новая парадигма психологии и практика инновационного образования //Наука России, №2, 1998. – С.88-97.

РЕЗЮМЕ

В статье охарактеризована научная компетентность будущего педагога. Описаны основы формирования данной компетентности в период профессиональной подготовки.

(Молдассанова А.А., Мадиева Г.Б., Борамбаева Л.А. Формирование научной компетенции будущего учителя)

SUMMARY

The article characterizes the bases of formation of the scientific competence during professional training.

(Moldassanova A.A., Madiyeva G.B., Borambayeva L.A. Formation of scientific competence of the future teacher)

ӘОЖ 372.651 10 44

Т.М.БАЙМАХАН

филология ғылымдарының кандидаты,
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры

Ш.ЖОЛДАСБЕКҰЛЫ

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

***Аннотация.** Мақалада педагогикалық технологияның анықтамасы, артықшылықтары, мақсаты, оған жетудің әдістері қарастырылады. Жаңа технологияның қолданысқа енгізудің алғышарттары, оқытудың инновациялық әдістемелік жүйесі, мазмұны көрсетілген. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі мол екендігі анық. Осы орайда педагогикалық технология педагогикалық әрекеттер табысының кепілі болатыны нақтыланған.*

***Кілт сөздері:** технология, оқу, жаңа технология, инновация, талдау, синтез.*

***Ключевые слова:** технология, обучение, новая технология, инновация, анализ, синтез.*

***Anahtar kelimeler:** teknoloji, eğitim, Yeni teknoloji, yenilik, analiz, sentez.*

***Key words:** technology, education, new technology, innovation, analysis, synthesis.*

Бүгінгі күнде педагогикалық технология оқу және тәрбие аймағындағы педагогикалық міндеттердің шешілуіне байланысты орындалатын педагог іс-әрекеттерінің бірізді жүйесі ретінде танылуда. Осыған «педагогикалық технология» мәні «оқу технологиясы», «тәрбие технологиясы» ұғымдарын мәндерімен салыстырғанда терең әрі ауқымды [1, 74-б.].

Педагогикалық технология дегеніміз бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл бола алатын ғылыми жоба әрі сол жобаның іске асуы.

Педагогикалық технология кешенді әрі ауқымды үдеріс. Ол үдерістің құрамына адамдар, идеялар, құрал-жабдықтар, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау білім менгерудің барша қырлары жөніндегі мәселелер шешімін басқару кіреді.

Педагогикалық технологиялардың мынадай артықшылықтарын атап айтуға болады:

- технологияның негізгі яғни соңғы мақсатты нақты анықтау. Консервативті педагогтар мақсатты нақты қою мәселесін маңызды деп сана-

майды, ал технологияда мақсат орталық компонент ретінде қарастырылады. Ал бұл оған жету деңгейін нақты анықтауға мүмкіндік береді;

- мақсаты айқын технология оған жетудің объективті әдістерін дұрыс таңдауға жол ашады.

- технология оқушының немесе студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу үдерісінің жобасын ұсынады. Әдістемелік сабақ жоспарын әр мұғалім өзінше негіздеп, сабақ та, оқушы іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады. Ал оқушының оқу іс-әрекетін жобалау оқыту үдерісінде жоғары табыстарға әкеледі.

Технология дегеніміз өндірісік үдерісті жүргізудің әдістері мен тәсілдері жайлы білім жиынтығы [2, 13-б.].

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі. Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады: I кезең – оқып үйрену; II кезең – меңгеру; III кезең – өнімге ендіру; IV кезең – дамыту.

Жаңа технологияны қолданысқа енгізу үшін төмендегідей алғышарттар қажет:

- Оқу үдерісін интенсификациялауға жаппай қолға алу;
- Оқушылардың сабақтастығын болдырмау шараларын кешенді түрде қарастыру.

Жаңа технологияның ғылыми-әдістемелік, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдап, назарда ұстау, жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттей білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын меңгеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу, оқыту үдерісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу қажет [3, 11-б.].

Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнымен тікелей байланысты. Сондықтан инновациялық іс-тәсілдерді оқыту үдерісінде енгізу барысында танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұны белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үдерістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

Оқу-тәрбие үдерісінде қолданып, айтарлық нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялар мыналар: дамыға отырып оқыту әдістемесі; оза отырып оқыту; іс-әрекетті бағалау; тірек және тірек конспекттері арқылы оқыту; саралап оқыту; шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі; деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыға оқыту; жобалап оқыту технологиясы.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірі; баланың танымдық күшін

қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгеру болып табылады.

Қолдану	Жаңа мәселені шешеді, бұрынғы білімді пайдаланады
Талдау	Салыстырады, ашады, талдайды, ойлайды, т.б.
Синтез	Продуктивті, шығармашылық жұмыстарды құрастырады
Баға	Бағалайды, талдайды

Енді осы модельге түсінік бере кетейік.

1. Оқушылық деңгейде оқушы мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды. Алдыңғы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін пайдаланады.

2. Алгоритмдік деңгейде мақсатпен шешуге тиісті жағдаят анық, оқушы бұрынғы жинақтаған білімін пайдалана отырып мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

3. Эвристикалық деңгейде мақсат анық, бірақ жағдаят түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Бұдан бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабарды, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей өнімді деңгей.

4. Шығармашылық деңгейде мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі.

Шығармашылық деңгейге жету жолдары оңай емес. Қазіргі технологияда «миға шабуыл», дебат, модель, жоба жасату, қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көз қарасын қалыптастыру жиі қолданылады. Дамыға оқыту тікелей баланы (субъектіні, объекті) жан-жақты дамыға отырып, (жеке басын, дүниетанымын, ойлауын, т.б.) оқытуға негізделеді.

Дамыға оқыту мақсаттары төмендегідей:

- Оқушы – субъекті, яғни, ол өзін-өзі дамыға алады, жетілдіреді, тәрбиелей алады;

- Баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды (іскерлігі, машығын дамыту емес);

- Білім дайын күйінде ұсынылмайды, бала – тыңдаушы, мұғалім – ақпарат беруші емес, керісінше, бала – зерттеуші, ізденуші, жаналық ашушы. Олардың дағдысы, іскерлігі белгілі бір мәселе, жағдаятты шешу арқылы қалыптасады. Демек, мұғалім – оқушы іс-әрекетін ұйымдастырушы, бағыт беруші ғана;

- Дамыға оқытуға басты іс-әрекет – диалог, пікірлесу, пікірталас;

- Дамыға оқытуға мұғалім қызметі – диалогты ұйымдастырушы, бағыт беруші, балалардың іс-әрекетін, ынтымақтастығын бір бағыт, бір мақсатқа бағыттаушы.

Білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеруге шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Оқушылардың сөйлеуге, өз ойларын жеткізе білуге, пікір таластыруға тек мәгіндік бақылау кезінде емес, оқыту барысында, күнделікті сабақта, тіпті сабақтан тыс жұмыстарда да (үйірме,

факультативтік сабақ, т.б.) қалыптастырып үйрету қажет. Ұстаздың рөлі тек емтихан алып, баға қоюмен шектелмейді. Мұғалімнің шеберлігі сабақты бере білу, оқушыларды еңбекке баулап тәрбиелеу және пәнге қызығушылығын арттыру арқылы айқындалады. Ал, оқушы білімнің сапасы мұғалім білімділігі мен біліктілігі, іскерлігінің айнасы. Нарық заңдылығына сүйенсек, кез келген өнімнің сапасын өндіруші емес, оны тұтынушы анықтап, бағалауы қажет. Сондықтан мұғалімнің берген білімін оның өзі емес, басқалардың бағалағаны жөн [4, 34-37-б.].

Қазіргі кезде дүние жүзінде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үдерістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды айқындауда. Техникалық даму мен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу–тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта құру мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, іс-әрекет қағидаларын қайта құру мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үдерістің тұлғалық бағдарлауына қойылатын талаптарының сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үдерісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Білім берудегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтаждықтарына сәйкес оның дамуының қажеттілігі және шарты. Бір жағынан құндылықтарының сақталуына ықпал етсе, екінші жағынан олар барлық екі нәрседен бас тартып, әлеуметтік қайта жасалымдардың негізін өздері алады. Осыдан келіп оқу үдерісін қазіргі деңгейінде жүргізуге талпынғандарға арналған ерекше талаптар туындайды. Инновациялық іс-әрекет – дәстүрлі іс-әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид қызметінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарама-қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады. Білім беруге инновациялар арнайы жобаланған жаңалықтар болып табылады.

Жаңа мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде оқыту үдерісінің технологияландыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр, технология мен әдіс-тәсілдің ара-жігін ажырату да қарапайым мұғалім үшін кейде қиын болып жатады.

Ағылшын тілін оқытудың басты талабы сабақтың сапасын арттыра отырып, сабақ түрлері мен әдістерін танымдық деңгейге жеткізу. Осы мақсатта ағылшын тілі пәні мұғалімдері сабақ өту әдістерін толықтырып әрдайым баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамытып, әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеп оқу үдерісінің оқуға сезіндіруі қажет.

Білім беру саласындағы инновациялық бағыттың қажеттілігін анықтайтын себептер қазіргі таңда бүкіл халыққа белгілі болып отыр. Оларға төмендегілер кіреді.

- Білім беру жүйесінің жаңарту, яғни, жоғары оқу орындарының несиелік оқу жүйесіне көшу және орта білім беру жүйесінің 12 жылдыққа өтетіндігі;

- Білім беру мазмұнының ізгілендірілуі;

- Мұғалім мен оқушыға қойылған талаптың жаңа тұрғыдан қарастырылуы, яғни, оқушы тек білім тұтынушы ғана емес, ортақ іс-шара субъектісі де.

- Жаңа енгізілген технология немесе инновациялық технология адамның кәсіптік қызметінің бәріне де тән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәжірибеге енгізілудің нысанасына айналуға. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі нәтижесінде пайда болады. Бұл даму өздігінен дамымайтындықтан ол басқаруды қажет етеді [5, 29-б.].

Тұтас педагогикалық үдерістің инновациялық дамуында жаңашылдылық үдерістерді тікелей алға бастайтындар ретінде мектеп директоры, мұғалімдер мен тәрбиешілердің рөлі арта түседі. Оқыту үдерісінің көп түрлілігіне қарамастан дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдік және басқа жетекші педагогикалық қызметті іске асыру мұғалімнің еншісінде қалып отыр. Оқу-тәрбие үдерісіне қазіргі заманғы технологиялардың енгізілуіне байланысты мұғалім мен тәрбиеші кеңесшінің, ағылшынның және тәрбиешінің қызметін одан әрі игеруде. Мұғалімнің кәсіптік қызметі арнаулы, пәндік білімдерімен ғана шектелмей, педагогика мен психологияның, оқыту мен тәрбие технология салаларының қазіргі заманғы білімдерін де қамтитын болғандықтан мұғалімнен арнайы психологиялық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық қалыптасады.

Мектептегі оқыту жүйесі жаңадан жазылған төл оқулықтар, жаңа бағдарламалар негізінде жүргізіліп, білімнің әлемдік стандартқа сай болуы қарастырылады.

Жаңа мазмұнда ескі әдістермен енгізуге болмайтындығы белгілі. Оқулық қанша жақсы болғанымен жұмыс жасайтын мұғалімдер оқытудың жаңа тәсілдерін меңгермеген болса, оқулықтардың негізгі идеясы, дамытушылық мәні іске аспауы мүмкін. Сол себепті бүгінгі күні мектеп мұғалімдерінен жұмыстың жаңа тәсілдерін қолдану, қатаң талап етіліп отыр.

Ағылшын тілі пәні оқытушыларының алдында тұрған негізгі мәселе оқушыларды дамыта оқыту, яғни оқушыны оқу әрекетіне дайындау, олардың оқуға деген ынтасын ояту, қызығушылығын арттыру. Осыған орай соңғы кезде дамыта оқыту жүйесінде кеңінен қолданылатын оқыту технологиялардың арнайы жобасы мен стратегиялары мектеп өміріне енгізіліп отыр.

Сонымен, қазіргі уақыттағы технологиялық жедел дамыған қоғамда жаңа оқыту технологияларын пайдалану оқушылардың (студенттердің) білім

деңгейін заман талабына сай арттырады. Жаңа технологиялардың ішіндегі ең тиімдісі модульдік оқыту технологиясы деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Тұрғанбаева Б.* Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Мектеп, 2000. – 106 б.
2. *Айтмамбетова Б.* Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы: Дарын, 1991. – 98 б.
3. *Қабдықайырұлы Қ., Монахов В. т.б.* Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: РБК, 1999. – 149 б.
4. *Полат Е.С.* Метод проектов на уроках иностранного языка //ИЯШ, №36, 2000. – С.34-37.
5. *Jack C. Richards* «Methodology in Language Teaching». – Cambridge University Press, 2002. –Р.415.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается эффективность использования новых технологий в учебном процессе.

(Баймахан Т., Жолдасбекулы Ш. Эффективность использования новых технологий в учебном процессе)

SUMMARY

The article is concerned with the effectiveness of usage of new technologies in teaching process.

(Baimakhan T., Zholdasbekuly Sh. Effectiveness of usage of new technologies in teaching process)

U.D.C. 37.091.33:811.111

G.A.KOSHKAROVA

Master of Philological sciences

A.N.NAZAROVA

Master of Humanities sciences

M.Auezov South Kazakhstan State University

USING INTERACTIVE AND INNOVATIVE METHODS OF TEACHING FOR TECHNICAL SPECIALTIES

***Abstract.** In this article there are represented interactive and innovative methods of teaching for technical specialties which provide optimization of the learning process and improve its quality as well as provide theory and practice integration. Problems connected with the priority theoretical knowledge over the practice are typical for the majority of Kazakhstani universities. The main specific feature of these problems became more obvious during the teaching process for students who are studying for technical specialties.*

Likewise are considered the principles and types of teaching methods. There are take place the main kinds of methods which are used for enhance students' interests to English. Therefore there are used comparative materials between interactive and innovative teaching methods and their usage in practice.

Introducing interactive and innovative methods of teaching, the authors suggest ways of solving these problems; give a brief analysis and recommendation for each of the methods.

Бұл мақалада қазіргі замандағы гендерлік зерттеулердегі негізгі жаңа көзқарастары туралы сөз қозғалады. «Гендер» ұғымының әр түрлі сипаттамалары беріліп, мемлекеттің дамуына өз оңтайлы әсерін тигізетін гендерлік саясатты нығайту, әйелдердің рөлін анықтау, жаһанданудағы осы мәселенің үдерісі туралы жан-жақты қарастырылады.

(Абсадиқова М.Ш. Гендерлік зерттеулердегі «гендер» категориясы туралы)

RESUME

The article deals with the problem of studying the category of "gender" and various scientific approaches in the study of the gender policy, one of the most pressing issues of our time, where the role of women and men undergoes significant changes. The world community increases attention to the problems of gender equality because of the development of the globalization process and a number of related political and socio-economic impacts.

(Absadikova M.Sh. Category of gender and modern gender researches)

ӘОЖ 316.43

О.НҰСҚАБАЕВ

социология ғылымдарының докторы, профессор
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ

А.ТҰРСЫН

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫН ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Аннотация. Қазіргі герменевтика буржуазиялық идеологияның жемісі, диалектикалық және тарихи материализм алдында есе қайыру, гуманитарлық ғылым мен жаратылыстану ғылымдарын методологиялық және гносеологиялық негізде бір-бірінен ашақтау, гуманитарлық «түсінікті» жаратылыс-ғылымдық «түсіндіруге» қарсы қою деп айдар тағылғаны белгілі. Дегенмен де, біз герменевтикалық тұрғыдан танудың бір көзі ретінде алып қарастырдық.

Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық санасын герменевтикалық тұрғыдан зерттеу мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздері: ұлттық сана, қазақ халқы, герменевтика, социология, философия.

Ключевые слова: национальное сознание, казахский народ, герменевтика, социология, философия.

Anahtar Kelimeler: Ulusal bilinç, Kazak halkı, hermenötik, sosyoloji, felsefe.

Key words: national consciousness, the Kazakh people, hermeneutics, sociology, philosophy.

Қазіргі әлеуметтануда ұлттық сана ұғымының әлеуметтік топтар мен ұлттардың ойлау бейнесіне, іс-қимылы мен мінез-құлықтарында кездесетін стереотиптерге, құндылықтарды қабылдау ерекшеліктеріне, өмір сүру салты мен дәстүріне байланысты көптеген құнды ойлар айтылуда. Қоғамның даму деңгейіне қарай ұлттық сана ұғымын ортағасырлық, феодалдық, кеңестік, капиталистік; саяси құндылықтардың дамуына байланысты тоталитарлық, демократиялық, құқықтық; әлеуметтік-экономикалық қатынастарға сай нарықтық; өркениет дамуына сәйкес тұрпайы, жабайы, тайпалық, батыстық, шығыстық, көшпенділік, еуразиялық деп жіктеу қалыптасқан. Көріп отырғандай сана мен ой арасындағы байланыстың тұтастығын белгілеуден шыққан ұлттық сана категориясы қоғамдық ғылымдар саласына, оның ішінде социологияға осылай ене бастады.

Қоғамдық ғылымдар тарапынан ұлттық сана ұғымын зерттеу әр салаға бөлінуде. Мәселен, тарихшылар ұжымдық ментальдық сандық тәсілмен зерттеуді қолға алса [1, 25-б.], социологтар, керісінше, жеке бастың ментальдығын сандық тәсілмен зерттеудің маңыздылығын алға тартуда [2, 75-б.]. Олардың ойынша, жеке бастың ментальдығы мынадай деңгейлерге бөлінеді: социологиялық, психофизикалық, психикалық, мәдени-тарихи, рухани-діни және космостық. Социологиялық деңгейді зерттеуде О.Конттың жеке тұлғаның әлеуметтік-психикалық құрылым моделі негізге алынса, мәдени-тарихи деңгейде квантификациялық зерттеуді пайдалана отырып, тарихи процесс динамикасындағы жеке тұлға ментальдығына ұжымдық бейсаналылықтың әсерінің бары айтылады. Сонымен бірге мәдени-тарихи фактор синхрондық және диахрондық деп екіге бөлінеді. Жеке бастың ментальдығына тұрмыстың материалдық факторы, мінез-құлық стереотиптері, дүниені эмоциональдық тұрғыдан қабылдау, дүниені көркем өнер тұрғысынан қабылдау, лингвистикалық фактор, дүниені рационалдық тұрғыдан қабылдау, дүниетанымдық факторлар әсер ететіні айтылған [2, 76-б.].

Сонымен, әлеуметтану ғылымының өкілдері ұлттық сананы әлеуметтік тұрғыдан талдаудың маңыздылығын айта отырып, оның төрт тәсіліне мән берген: бірінші, ұлттық сананы басқа санамен салыстыру арқылы зерттеу; екінші, ұлттық сананы жеке адамдар мен әлеуметтік топтарға сай зерттеу; үшінші, ұлттық сананы табиғилық пен мәдениеттіліктің, эмоционалдық пен ақылдың, иррационалдық пен рационалдықтың, жеке бастылық пен әлеуметтіліктің жиынтығы ретінде; төртіншіден, ұжымдық бейсаналылық ретінде қарастырған [3, 155-б.]. Біздіңше, ұлттық сана категориясын социологиялық тұрғыдан қараудың маңызы зор. Ұлттық сана мазмұны жеке мағынасы жағынан ауқымы кең, тұтастыққа негізделген интегралды ұғым. Онда ұжымдық және жеке сананың, сана мен бейсаналылықтың өзара байланысы, ойлау түрлері мен дүниені қабылдау әдістері, сезіну мен түсіну, бейімделу ерекшеліктері мен құндылықтарға деген қатынасы бар. Ұлттық сана мәселесін социологиялық тұрғыдан талдап алмай, оның ішкі құрылымының өзара байланысын түсіну мүмкін емес.

Социологиялық зерттеу ұлттық санадағы сана, ой, ақыл тәрізді құндылықтарды қабылдау сабақтастығын даму принципі негізінде түсіндіруге мүмкіндік береді және олардың тарихтың әртүрлі кезеңдерінде өзгерістерге ұшырап, белгілі бір символдар мен архетиптерге айналатынын көрсетеді. Ұлттық санадағы сабақтастық, бір жағынан, әлеуметтік дамудың нәтижесі болса, екінші жағынан, өзіндік ішкі тұтастықты сақтаудың бір жолы. Сабақтастық ескі мен жаңаның бірлігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен бірге адамдардың, әлеуметтік топтардың құндылықтарды таңдау мен қабылдауына әсер етеді.

Ұлттық сана – рухани болмыс тарихының сығымдалған және тұрақты негізінде қордаланған, жеке адамдар мен әлеуметтік топтардың дүниетаны-

мында орын алатын ерекше көрініс. Оны қалыптастыруда мәдениеттің, өнердің, діннің, социологияның, философияның, ұлттық салт дәстүрдің, қоршаған ортаның, тұрмыстың, қоғамдағы әлеуметтік ортаның, саясат пен идеологияның, экономикалық қатынастардың маңызы зор.

Қазақ халқының ұлттық санасын герменевтикалық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Социологияда герменевтика «тіл ойына», антисциентистік бағыттағы социологиялық ілім, социологияның негізгі мәселесін иррационалдық тұрғыдан шешуге талпыныс деп қарастырылады. Оған өзара келіспейтін қарама-қарсылықты қосудан туындайтын «эклетикалық» қасиет деп баға берілді. Ал, қазіргі герменевтика буржуазиялық идеологияның жемісі, диалектикалық және тарихи материализм алдында есе қайыру, гуманитарлық ғылым мен жаратылыстану ғылымдарын методологиялық және гносеологиялық негізде бір-бірінен алшақтау, гуманитарлық «түсінікті» жаратылыс-ғылымдық «түсіндіруге» қарсы қою деп айдар тағылғаны белгілі. Дегенмен де, біз герменевтикалық тұрғыдан танудың бір көзі ретінде алып қарастырдық.

Социологияда хрестоматиялық тұрғыдан герменевтика – түсінік туралы ілім, құжаттарды талдау, интерпретациялау деп анықталады. Герменевтикалық өнер социологияда грек мифологиясындағы құдай хабаршысы, тіл мен жазуды ойлап табушы Герместің атымен байланыстырылып қарастырылады. Дегенмен де мұндай ұстанымның бүгінде негізсіз екені социология тарихында дәлелденіп, оны антикалық философ Аристотель шығармаларымен байланыстыра қарау кең етек алды [4, 234-б.]. Қалай болғанда да, біз үшін герменевтикалық талдаудың маңыздылығы қазақ халқының салты мен дәстүрінде, аңыз ертегілері мен мифтерінде, фольклоры мен халықтың білім жүйесінде өзіндік қызмет атқарып келген рухани құндылықтарды қалпына келтірумен және оларды адамдардың дүниеге қатынасының өзегіне айналдыруымен байланысты болып отыр. Сонымен бірге герменевтиканың логикалық және гносеологиялық танымдардан ерекшелігі оның рухани болмысқа тұтастық тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретіндігі. Нақтырақ айтар болсақ, қазақ ұлттық санасындағы «Ақыл», «Қайрат», «Жүректің» социологиялық, психологиялық, онтологиялық, тілдік, коммуникативтік, диалогтық, метафизикалық, мінез-құлықтық, тәрбиелік, танымдық, моральдық жақтарын ашуға көмектесетіні. Сондықтан да ұлттық санасы әлеуметтік мәдени контексте қарау барысында герменевтиканың өзегі болып табылатын «түсінік» ұғымының маңызы зор. Түсінік – осы тұрғыдан келгенде, тек танымдық ұғым ғана емес, сонымен бірге қазақ ұлттық санасының онтологиялық сипаты. Ол – бүкіл ұлтымыздың болмыстық негізі, ұлттық идеямыздың қайнар бұлағы, бірлік пен ынтымақ бастауы. Сондықтан да қандай да болмасын социология түсінікке ұмтылуы тиіс. XX ғасырдағы адамзат баласының дамуы осыны көрсетіп отыр.

Герменевтика, Ф.Шлейермахердің айтуынша, рухты танудың әмбебаптық әдісі. Зерттеуші және мәтін авторларының ішкі жан дүниесіне

кіре отырып, қандай да болмасын тарихи оқиғаларды қалпына келтіре алады. Оның ойынша қандай да болмасын мәдени ескерткіштердің екі астары бар: заттық мазмұндық және жеке тұлғалық. Біріншісі, диалектиканың құзырында болса, екіншісі, герменевтиканың құзырында. Сондықтан герменевтика өзінің барлық ойын автордың рухына, оның жан дүниесі мен көзқарасына, ойлау жүйесі мен тілдік стиліне бағыттауы тиіс. Демек, жеке тұлғаның ойлау дағдыларын ұғыну арқылы ұлт сананың ішкі астарын тануға, түсінуге қол жеткізуге болады. Мәселен, М.Әуезовті, Оноре де Бальзакты, Л.Н.Толстойды, Ф.М.Достоевскийді, Ш.Айтматов оқу арқылы ұлт менталитетінің табиғатынан мағлұматтар алуға болады.

Огюст Конт кезінде Оноре де Бальзактың «Адамшылық комедиясы» атты еңбегінде жоғары баға бере отырып: «Бальзак бізге француз қоғамының шынайы тарихын бере білді. Ол 1816 жылдан 1848 жыл аралығын хронологиялық тұрғыдан сипаттай отырып, көне француздың талғамының қалай жойылып бара жатқанын, оның орнын байлардың тұрпайы мінезі басып бара жатқанын сарказммен келемеж етеді» – деп жазады [5, 36-37-б.]. Сол тәрізді М.Әуезов шығармаларын оқу арқылы да қазақ ұлттық санасының даму ерекшеліктерін тани аламыз. «М.Әуезов ... адамның психикасына әсер ететін, жүрек қылын шертетін қазақ әні мен күйінің тәрбиелік мәнін жоғары бағалайды. Халқымыз жақсы ән мен тәтті күйдің қандай тас көңілді болса да жібігіп жіберетінін, көзден жас ағызатынын, жандүниені нұрландырып, ләззат пен рахат сыйлайтынын терең түсінген. Ән мен күйді «халық өнерінің асыл қазынасы» – деп жоғары баға бере келіп, ғылым зерттеуші бұларды халықтың көңіл-күйі мен сезімінің барометрі, қуанышы мен күйініші, арманы мен мұңы деген қарытындыға келеді, оны белгілі бір халықтың ұлттық ерекшелігін айқындайтын мәнді белгілердің қатарына қосады» [6, 84-б.].

Сонымен қатар герменевтиканың қазақ халқының ұлттық санасын танудағы бір ерекшелігі – оның «өмір философиясымен» байланыстығы. Батыс философиясында бұл байланысқа кезінде мән берген В.Дильтей болды. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ болмысындағы өмір – мәндік маңызы бар «құт» ұғымының орны ерекше. «Құт» деген ұғымның мәні «Бақыт» дегеннен әлде қайда терең. Түркілер «құт» ұғымын субстанция мінінде қолданған [7, 185-б.]. Күнделікті өмірде қазақтар «құт» ұғымына сәйкес мынадай сөз тіркестерін пайдаланады. Мысалы, «құт-береке», «құтты қоныс», «құтты іс», «құтты қадам» немесе «құты қашқан ел», «қонақ келсе, құт келер» және т.б. Шындығында, ұлттық санасындағы «құт» ұғымына адамдардың іс-әрекетінің өлшемі бейнеленген, жақсы мен жаманның, бақ пен сордың, дұрыс пен бұрыстың арақатынасы межеленген. «Құт» ұғымын ғылыми тілмен түсіндіру қиын. Олай болса, «құт» ұғымын түсінуде герменевтикалық танымның маңызы зор.

Герменевтикалық социологияға өзіндік үн қосқан М.Хайдеггер болды. Ол тіл мен түсінікті адам мінез-құлқының астары емес, керісінше, адам өмірінің болмысы деп қарастырылып «түсінікке» онтологиялық сипат берді.

М.Хайдегтердің осы бір ойын ұлттық сананы әлеуметтік тұрғыдан даму ерекшелігін кеңірек ашуға пайдалануға болатын тәрізді. Мәселен, түсінікті қазақ ұлттық санасының онтологиялық негізі деген кезде мынадай тарихи-мәдени жағдайларға назар аударғанды жөн санадық. Біріншіден, қазақ табиғатты танумен бірге, түсініп өскен халық. Ол өзін ешқашан табиғатқа қарсы қоймаған, керісінше, табиғатпен сырласып, гармониялық тұрғыдан өзінің іс-әрекетін, дүниеге көзқарастарын реттеп отырған. Екіншіден, әке мен бала, келін мен ене, ру мен ру, ел мен елдің араласуы да осы түсінікке тікелей байланысты. Қазақ ежелден араласуға, бірін-бірі іздеуге әсте құмар. Бұл оның бауырмалдығын да көрсетеді. Басқаша айтқанда, қазақ үшін араласу – ұлттың өмір сүру тәсілі, болмысының мәні. Үшіншіден, түсінік негізінде бөтенді жатсынбай, оның тілі мен өнерін қабылдай білу қасиетін үнемі дамытып отырған. Төртіншіден, түсінік бар жерде тұтастық бар екені белгілі. Қазақ халқы ұлттық санасындағы тенгризм мен исламның, халықтық білім мен ғылымның, өнер мен социологияның, дін мен философияның синкреттік жағдайда өмір сүру түсінігін ұлт болмысының онтологиялық негізі деп қарауға көмектеседі. Бесіншіден, ұлттық сананы герменевтикалық тұрғыдан талдаудың ең бастысы, ұлт болмысын логикалық және гносеологиялық шеңбердегі жасанды субъект–объекті қатынастары негізінде қарамай, керісінше, оны «Адам мен Әлем» жүйесіндегі шынайы нақты өмірлік қатынастар негізінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының ұлттық санасының экзистенциялық астары социологиядағы адам мәселесімен тікелей байланысты. Қазақ ойшылдары адам мәселесіне, оның ішкі болмысы мен өмір-мәндік мәселелеріне қашан да мән беріп отырған. Сонау Қорқыттан бастап күні бүгінге дейінгі аралықта адам мәселесін айналып өткен ақын, жыршы, философ жоқ десе де болады. Абай, Шәкәрім, Шоқан, Ыбырай, Сүйінбай, Шәңгерей, Ғұмар-Қараш және т.б. ақын, жыршы мен жыраулар шығармаларындағы дүние, өмір, тіршілік туралы ойлары ұлттық сананың экзистенциялық мәселелерге толы екенін және оның басты рухани арқауы екенін бұлжытпай дәлелдейді. Аталған құбылыстар астарында адамгершілік пен имандылықты, даналық пен көрегенділікті, кісілік пен кішілікті, ар мен намысты асқақтау принциптері жатты. Бұларды тұрлаусыз өмірге мән беретін, адамның өмірінің мәнін құрайтын рухани байлық ретінде қарастырып қана қоймай, соған әр қазақтың ұмтылу қажеттілігін ұлт санасына сіңірудің өміршеңдігін дәлелдеді.

Бұдан шығар қорытынды: қазақ үшін экзистенциялық мәселелердің бүгін пайда болмағаны. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ бұл мәселелермен үнемі айналысып отырған және осы мәселелерді шешудің өзіндік жолдарын іздестірген, тыңнан жол тартып әлемдік социологиялық үдеріске өзіндік үн қосқан. Тарихтың қатал сынына қаншама ұшыраса да, өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, ізгіліктің ең биік шыңдары болып табылатын құндылықтарға өз ұрпағын тәрбиелеп отырған. Ақын-жыраулары, небір даналары елін осы мақсатта белсенді іс-әрекет жасауға шақырған, рухын

шыңдап төзімділікке, шыдамдылыққа, сабырлыққа үйреткен. Дүниеге «Адам болып келіп, адам болып кетуге» тәрбиелеген. Күйзеліс, қайғы, уайым, бақытсыздықты жеңе білуге, келешекке үмітпен қарауға үйреткен. Бүгінгі нарықтың қыспағына қанша түссе де, қазақтың осыншама төзімділік пен шыдамдылық көрсету феноменінің бұлақтарын экзистенциалдық ойлардың ұлт менталитетінде нық орныққанының көрінісі деп білгеніміздің артықтығы жоқ.

Қазақ халқы ұлттық сананың рухани түбірі болып келетін осы бір күштердің әлеуметтік қатынастарды позитивтік негізде қалыптастыруға да өзіндік әсері бары көп жағдайда ескеріле бермейді. Тіпті ұлттық санасының экзистенциялық мотивінің күштілігі ұлттың еңжарлығы мен жігерсіздігіне де тосқауыл бола алады. Ол – өмір белсенділігінің көзі, болашаққа сеніммен қарайтын, тірлік пен үмітке бағдар берер және құнарландырар рухани күш. Өзінің табиғи жаратылысында әр нәрсені білуге құмар және ұғымпаз, зерек халқымызды батыстың «жалған» құндылықтарымен улау арқылы өзінен «жеріндіруден» тазартып, өзін тану мен өзгертуге бағытталған ой, сана, рух еркіндігін қалыптастырудың уақыты жетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Киселев И.Н., Мироненко С.В.* Социальный портрет высшей бюрократии первой четверти XIX в. Количественный анализ. Комплексные методы в изучении истории с древнейших времен до наших дней. Тезисы докладов совещания. – М.: Наука, 1984. – 173 с.
2. *Манекин Р.В.* Некоторые аспекты методологии квантификационного исследования менталитета //Вестн. Моск. ун-та. Сер.7, Философия. –№1, 1992. – С.75.
3. *Редель А.И.* Российский менталитет: от политико-идеологических спекуляций к социологическому дискурсу //Социально-гуманитарные знания, №5, 2000. – С. 155.
4. *Земляной С.Н.* Герменевтика и проблема понимания. В кн: Проблемы и противоречия буржуазной философии 60-70 х годов. – М.: Наука, 1983. – С. 234.
5. *Конт О.* Позитивизм в социологии. – Л.: ЛГУ, 1984.
6. *Тайжанов А.* Әуезов М. шығармаларының ұлттық психологияны танудағы ролі //Ақиқат, №4, 1994. – 84 б.
7. *Есім Ф.* Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). –Алматы: Ғылым, 1998. –307 б.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается национальное сознание казахского народа с точки зрения герменевтики.

(Нускабаев О.Н., Турсын А. Исследование национального сознания казахского народа с точки зрения герменевтики)

SUMMARY

This article deals with the national consciousness of the Kazakh people from the point of view of hermeneutics.

(Nuskabayev O.N., Tursyn A. Study of the National Consciousness of the Kazakh People from the Point of View of Hermeneutics)

ӘОЖ.316.35

О.НҰСҚАБАЕВ

социология ғылымдарының докторы,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

Д. МАМБЕТАЛИЕВА

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ДІННІҢ ҚАЙТА ЖАҢАРУЫ

***Аннотация.** Біздің елімізде ХХІ ғасырдың басында дін халықтың рухани қажеттілігі мен менталитетінің ажырамайтын бөлігі болып отыр. Қазіргі діни қайта өркендеумен қатар бір мезгілде халықтардың ұлттық мәдениетінің қайта өрлеуі басталды. Себебі, дін барлық уақытта дәстүрлі құндылықтардың көзі болып келеді. Ол халықтың өмір салтының бір бөлігі ретінде мәдени дәстүрлермен де тығыз байланыста дамиды. Яғни бұл қазіргі қоғам дамуынан туған құбылыс.*

Бұл мақалада қазақстандық қоғамда діннің қайта жаңаруының кейбір мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздері: дін, наным-сенімдер, дәстүр, мораль, этнос, ұлт.

Ключевые слова: религия, верования, традиции, мораль, этнос, нация.

Anahtar kelimeler: din, inanç, gelenek, ahlak, etnik, ırk.

Key words: religion, beliefs, traditions, morals, ethnicity, nation.

Бүгінгі таңда Қазақстанда нарықтық ашық қоғам қалыптасып келеді. Қоғамның жаңаша сапасына нарықтық ашық қоғамға тән жаңа құндылықтарға жаңа сапалық параметрлер сәйкес келуі тиіс. Әрине, жаңаны күштеп тануға, көпшілік бұқара халықтың санасына күштеп сіндіруге болмайды. Себебі, мұндай «тұрпайы» амал-айла қоғамды түбірімен жаңартудың «икемді» құралы бола алмайды, болмайды да.

Ол үшін көптеген құрылымдарды, соның ішінде бейімделу үдерістерінің сипатын ескерген жөн. Бұл мәселелерді социологтар дін призмасы арқылы қарастырады. Қазақстандық қоғамның рухани өмірінің жандануы саясат пен діннің өзара әрекетін зерттеуге алып келеді.

Діни наным-сенімдер белгілі бір қоғамның тарихи дәстүрлерінің бөлігі ретінде оның мәдени мұраларына және тиісінше, ұлттық мәдениет деңгейлеріне де әсер етпей тұра алмайды.

Дін белгілі бір этникалық бірлікте қалыптасқан және ұлттық психологияға, мәдениетке, әдет-ғұрыптарға, дәстүрлерге ұзақ мерзімде өзара

әсер ету барысында олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына да ықпал ететіндігін атап өткеніміз орынды.

Қазақстанның көпұлтты қоғам екені белгілі, әрбір этностың өздерінің салт-дәстүрлері, моральдық және діни қалыптары бар. Алайда жалпы алғанда Қазақстан үшін ортақ дәстүрлілік сипаттары жөнінде айтуға мүмкіндік беретіндей қандай да бір ортақ рухтың қалыптасқанын аңғаруға болады. Қазақстанда баяғыдан-ақ әргүрлі дінге сенушілік бар, олардың арасында ежелден христиан діні де, буддаға табыну діні де болған. Ал тәңірлік дәстүрлер исламға жол берді. Бірақ, бірнеше ондаған жыл бойына атеистік рухта тәрбиелеу салдарынан, сондай-ақ, адамгершілік және діни дәстүрлердің бұрмалануы бізді дінге және оның ықпалына онша мән бермеуге әдеттендірді. Өткен кезеңде атеизм мемлекеттік саясат және көпшіліктің өмір салты болып табылатын. Көптеген адамдардың қандай да бір дінге деген қатынасы, сенімі ұмытылған кертартпа, ескі бастаулардың ынталы қорғаушысы делінді. Ал дінге сенушілер үшін атеист барлық әулие атаулының адамгершілігі жоқ бүлдірушісі ретінде қабылданды. Қазір мұндай саясатты ұстанушылар жалпыадамзаттық адамгершілік бағдарлардың діни сипаттарын жоққа шығару атеизмді көпшілік санасына күшпен байлаған коммунистік партияның іс-әрекеті деп түсіндіреді. Біздіңше, осы тұста А.А.Конеvтің «әрбір мәдени құбылыстың өзіне тән уақыт аккумуляторы бар және ол әр кезде жүзеге асқан сайын жаңа тәжірибені ендіріп, дәл кезінде шешуге мүмкіндік береді, адам тұрмысы кез-келген мәдени құбылыстың өмірлік мәселесі. Аталмыш мәдени құбылыс бүгінгінің мәселесін қаншалықты шеше алса, ол соншалықты маңызды» деген пікірі өте орынды деп ойлаймыз [1]. Демек, атеистік көзқараста өз уақытында кеңестік өмір салтының аса қажетті алғы шарттарының бірі болды. Мысалы, бұрын адамдар дін туралы ашық айтпаса да әрбір адамның жан жүрегінде Жоғарыда тұратын (бәрібір әрбір адам жоғарыдағы бір тылсым күштен қорқатын еді) бірденеден сескенетін еді. Ал қиын сәттерде адам торыққанынан өзінің санасынан тыс Құдайға сыйынып, онысын өзі де аңғармай қалатыны рас. Мұндай сәттегі сезім әлдебір беймәлім әрі қайырымды нәрсеге бас ұратындай, яғни оның сенімі жоғары тұрып және дана бір тірі нәрсе адамды өзінің көз алдында көтеріп, одан әрі өмір сүруге күш беріп және оны мейірлендіре түсетіндей. Өйткені, «сенім өзін ішкі табандылықтың, адамгершіліктің, психологиялық беріктіктің тірегі ретінде танытып, сөз бен іс бірлігінің алғы шарты ретінде қалыптастырады. Құндылықтық-бағдарлық қызметке бірқатар жаңа рең қосады, діни сана-сезім адамның келіспеушілікті шешу мәселесінде күштемеуді, серіктері алдында, сараптаушы алдында жауапкершілікті оятады» [2]. Діни-моральдық күнделікті жазылған «ұрлық жасамау, өлтірмеу, шындықты айту, «қиын кездерде адамға көмектесу керек» және т.с.с. талаптары адамдарды әдеп нормасынан аспауға ұмтылуға ықпал етеді. Біздің көзқарасымызша, бұрынғы кезде адамдар қайырымды, адамгершілігі мол болған сияқты. Көріп отырғанымыздай, бұрын адамдар

Құдай туралы көп айтпайтын және өшпейтін жалпыадамзаттық құндылықтарға көбірек арқа сүйейтін. Ал, қазір, керісінше, шын мәнінде жалпыадамзаттық мәдениет формаларын көрсететін әртүрлі рухани құндылықтарға, қарама-қарсы бағыттылықтағы мақсаттарға саналы түрде барады. Яғни, дін туралы өте көп айтып, көп жазып жатқан қазіргі кезде іс жүзінде әрбір үшінші адам тіпті соны әдейі мақсат тұтпаса да, ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы беріліп келе жатқан жалпыадамзаттық нормалардан аттайды. Адамдар бір-біріне ызалы, ашулы, мейірімсіз, жатырқағыш болып кеткен секілді, әркім айналасымен ісі жоқ, өзімен-өзі өмір сүруге дағдыланып кеткен. Қазіргі әңгіме көбіне жағымсыз жәйттердің «зорлық-зомбылықтың, алдап кетіптінің» төңірегінде болып жатады.

Біздің елімізде ХХІ ғасырдың басында дін халықтың рухани қажеттілігі мен менталитетінің ажырамайтын бөлігі болып отыр. Қазіргі діни қайта өркендеумен қатар бір мезгілде халықтардың ұлттық мәдениетінің қайта өрлеуі басталды. Себебі, дін барлық уақытта дәстүрлі құндылықтардың көзі болып келеді. Ол халықтың өмір салтының бір бөлігі ретінде мәдени дәстүрлермен де тығыз байланыста дамиды. Яғни бұл қазіргі қоғам дамуынан туған құбылыс.

Республикадағы қазіргі діни жағдайлар дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөлініп, діни конфессиялардың ала-құлалығымен ажыратылады. Қазір бізде төрт мыңнан астам діни бірлестік бар деп есептеледі және олардың жартысына жуығы тіркелген [3]. Қазақстандағы діни оқиғалар еліміздегі геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік-этикалық және социо-мәдени жағдайларға ықпал етеді.

Өткен ғасырдың 70-80-жылдарындағы әлеуметтік зерттеулер мәліметтері бойынша еліміздегі дінге сенушілер саны (барлық кеңестік кеңістіктегі біркелкіге жуық немесе астам) 10% аспаған [4]. Ал, енді 1996 жылы Қазақстан Республикасы бойынша 39,7% жеткен. Сараптаушылар қорытындысы көрсеткендігіндей, мұндай секіру кеңес кезеңімен салыстырғанда – «идеологиялық немесе діни көзқарастарға байланысты пікірлердің қаншалықты алға жылжығанын және тұрақсыздығын көрсетеді. Адамдар үшін ең маңыздысы діннің мазмұндық жағы емес, діни нанымның психологиялық құбылысы ретіндегі діни наным-сенімнің өзі».

Жалпы Қазақстанда дінге бет бұру үрдісі артып келеді.

Оңтүстік Қазақстан облысы тұрғындары арасында біз жүргізген нақты социологиялық зерттеу мәліметтеріне назар аударайық. «Сіз дінге сенесіз бе?» деген сауалнама сұрағына респонденттердің 75,2% «иә» деп жауап берсе, 10,8% – «жоқ», 14% – «жауап беруге қиналамыз» дейді. Дінге сенетіндер саны жас шамасына қарай да бөлінді, айталық, дінге барынша сенетіндер – 40-50 жас (55,3%) мөлшеріндегілер, яғни тоталитарлық кеңестік атеистік насихат жағдайында өскен ұрпақ өкілдері болды. Діннің қоғамдағы ролін жоғары бағалаған респонденттердің мөлшері де алғашқы сұраққа жауап бергендермен шамалас, яғни – 75,6%, олар дінді жоғары бағалайды, ал

ұнамайтындары – 15%, ал сұралғандардың 12,9%-ы дін қоғамға ешқандай әсерін тигізбейді деп есептейді.

Дінге сенушілер тобының сараптауында ұлттық белгілері бойынша діндарлығы жоғары азиялық этнос өкілдері болды. Бұл жөнінде сұралғандардың ішінен бірінші орынға өзбек ұлты, екінші орынға – қазақ, содан кейін барып еуропалық ұлт өкілдері шықты.

Дінге деген көзқарасты білу мақсатындағы жүргізілген сұрақ-жауап нәтижелері дін арқылы қоғамдық-саяси жағдайдың күрделілігін танытуға ұмтылған азаматтар – 20,8%, жандүние тыныштығын сақтағысы келетіндер – 24%, рухани дәстүрлі құндылықтарға қайта оралуды мақсат еткендер – 40,2% екендігіне көз жеткізді. Басқа да ұсынысты варианттар: ар-ұятқа шақыру, о дүниелік өмірге сенім, бұрынғы шығындар орнын толтыру үшін жаңа мұраттарды іздестіру және т.с.с. 1% және 3% аралығында болды.

Көріп отырғанымыздай, сұралғандардың нәтижелері біздің өңір адамдарының көбісінің дінге сенетініне, діни құндылықтардан хабардар екеніне және бәрінен бұрын, құдайға қызмет етудің барлық әдет-ғұрыптарын сақтау арқылы қатысатынына көз жеткізіп отыр. Ал дінге сенбейтіндер мен жауап беруге қиналғандар (екеуін қосқанда, 24,8%) ештеңеге қарамастан, қалай болғанда да барлық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтайды. Және дінге сенетіндер тобының басым көпшілігі мұсылмандар болды – еліміздің оңтүстік өңірінде негізінен жергілікті ұлт өкілдері және Орталық Азия мемлекеттерінен шыққан ұлт өкілдері тұратынын ескеруіміз керек. Содан кейін барып православиялықтар болды.

Дегенмен, мұнымен бірге, көптеген әртүрлі секта және әр түрлі бірлестіктер адамдарды әртүрлі қабілеттерімен, әсіресе, жастарды ақша беру немесе басқа да жолдармен есеңгіретіп және алдап әкететінін ұмытуға болмайды. Олар біздің рухани дамуымызға үлкен зиян келтіреді. Себебі, Қазақстанда онсыз да жүздеген мың адам эмоционалды рухани және психологиялық құлдырау үдерісіне қамтылып, білімсіздік шырмауына терең түсіп, одан шыға алмай отыр.

Біз жастар туралы сөз қозғағанда, олардың арасында соңғы уақытта дінге сенушілердің көбейіп отырғанын да айтпай кете алмаймыз. Яғни, дінге сенушілер қатары әлі тәжірибесі жоқ және берік дүниетанымдық көзқарастары қалыптаспаған жастар есебінен көбеюде. Олай болса, мемлекет бұл адамдарды әлеуметтендіру бағытындағы жастар саясатын жүргізуі тиіс. Ал, тұтас алғанда, біздің және біздің балаларымыздың игілігі мен республикамыздың гүлденуі үшін, ондағы адамдардың толыққанды, ойлау қабілеті қалыпты болуы үшін және елімізді әр түрлі теріс әрекеттерден тазалау үшін Дін туралы жаңа Заң қабылдануы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Артемов И.А., Молдабеков Ж.Ж.* Философия религии: тенденции и перспективы специальности //Вестник КазГУ. Серия философская. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – № 6. – С. 8.
2. *Конев В.А.* Философия культуры и парадигмы философского мышления //Философские науки, №6, 1991. – С. 27.
3. *Шаукенова З.К.* Социальное взаимодействие этносов в современном Казахстане. – Алматы: Ақыл кітабы, 2003. – С. 300.
4. *Сатпаев Д., Спанов М.* Национальная безопасность Республики Казахстан //Евразийское сообщество, №4, 1998. – С. 75.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается возрождение религии в казахстанском обществе.
(Нускабаев О., Мамбеталиева Д. Возрождение религии в казахстанском обществе)

SUMMARY

This article discusses the revival of religion in Kazakhstan society.
(Nuskabaev O., Mambetalieva D. Revival of Religion in Kazakhstan society)

МАЗМҰНЫ

ФИЛОЛОГИЯ

НҰРАХМЕТОВ Е.Н. ТАТИБАЕВА А.А. Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологиялардың кейбір түрлерін қолдану	3
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. ШЕРЕХАНКЫЗЫ Л. О безэквивалентных компаративных идиомах современного английского языка: структура и перевод	8
БАЙМАХАН Т.М. НУРУМБЕТОВ С.М. Классификация упражнений для развития навыков устной речи с использованием коммуникативных упражнений	14
АБДУЛЛАЕВА С. УРАЗБАЕВ Қ.Б. Үш тілдік тұлға даярлауда жаңа технологиялар арқылы шет тілдерді оқыту жолдары	19
БАЙМАХАН Т.М. ABDUKHOZHAYEV T.M. Methods Of Teaching Idioms	24
БАЙМАХАН Т.М. НУРУМБЕТОВ С.М. Содержание использования видеоматериалов в обучении английскому языку	29
ҚАРАҚҰЛОВА Ұ.Е. Ағылшын тілі сабақтарында мақал-мәтелдерді салғастыра оқытудың тиімділігі	35
БАЙМАХАН Т.М. ABDUKHOZHAYEV T.M. English Idioms and Their Equivalentents in Kazakh	41
КАРАКУЛОВА У. Methodical Working out of Classroom Activities Based on Videomaterials	45
SHERIMBETOVA M. Etymological and Semantic Relations of Polysemy and Homonymy	52
МАКЕНОВА Г. Some Peculiarities of English and Kazakh Somatism	56
СУЛТАНБЕКОВА Ж.Е. Жан-жануарларға байланысты жұмбақтардың этнолингвистикалық сипаты	61

ПЕДАГОГИКА

АБИЛЬДАЕВА М.А. МҰСАБЕКОВА Г.Т. Бастауыш сыныпта үлгермейтін оқушылармен жүргізілетін жұмыс түрлері	66
АТЕМОВА Қ.Т. КУНПЕЙСОВА А.О. Әл-Фараби мұраларындағы адамның жансаулығын қалыптастыру туралы идеялары	72
БОРАМБАЕВА Л.А. МАДИЕВА Г.Б. МОЛДАССАНОВА А.А. Болашақ мұғалімнің ғылыми құзыреттілігін қалыптастыру сипаты	77
БАЙМАХАН Т.М. ЖОЛДАСБЕКҰЛЫ Ш. Жаңа технологияларды оқыту үдерісінде қолданудың тиімділігі	83
KOSHKAROVA G.A. NAZAROVA A.N. Using Interactive and Innovative Methods of Teaching for Technical Specialties	89
БАЙМАХАН Т.М. ЖОЛДАСБЕКҰЛЫ Ш. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – ағылшын тілін оқыту формаларының бір түрі	93

ТАРИХ

ЗҰЛПЫХАРОВА Э. КЕЛЕШ М. Низам әл-Мүліктің ең әйгілі шығармасы «Сиясет-наме»	99
---	----

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

AMIRBEK A.A. YDYRYS K.S. Uluslararası Hukuk Açısından Denizlerin Sınırlandırılması	105
--	-----

ҚҰҚЫҚТАНУ

КУЛЬМАЕДОВ А. Жер асты суларын қорғауды және пайдалануды құқықтық реттеудің әдісі	114
--	-----

САЯСАТТАНУ

ХУСЕЙНОВА Д.А. ДЖАППАРОВА Р. Глобальные процессы формирования современного мирового порядка	118
БЕКОВА Э.Д. МАЛДЫБЕКОВ О. Гендерные стереотипы в современном обществе	124
AĞIRMAN Yunus Emre CENGİZ Recep Suriye Türkmenlerinin Yaşadıkları Siyasi Sorunlar	129

АБСАДИКОВА М.Ш. О категории «гендер» в современных гендерных исследованиях	134
ӘЛЕУМЕТТАНУ	
НҰСҚАБАЕВ О. ТҰРСЫН А. Қазақ халқының ұлттық санасын герменевтикалық тұрғыдан зерттеу	141
НҰСҚАБАЕВ О. МАМБЕТАЛИЕВА Д. Қазақстандық қоғамда діннің қайта жанаруы	147
Мазмұны	152-154